

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік авиациялық регистрі" мемлекеттік мекемесінің кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 26 шілде N 1061

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін және авиация қызметін пайдалану туралы" 1995 жылғы 20 желтоқсандағы N 2697 заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік авиациялық регистрі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мемавиарегистр) таратылсын.

Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен Мемавиарегистрді таратуды жүргізсін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен;

2) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік авиациялық регистрі", "Қазақстан Республикасы көлік-коммуникациялар кешенінің Ақпараттық-презентация орталығы" мемлекеттік мекемелерін қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 наурыздағы N 234 Р990234_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 9, 67-құжат): қаулының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы көлік-коммуникациялар кешенінің Ақпараттық-презентация орталығы мемлекеттік мекемесін" қайта ұйымдастыру туралы "

1 - тармақта :

"мемлекеттік мекемелер" деген сөздер "мемлекеттік мекеме" деген сөздермен ауыстырылсын ;

1) тармақша алынып тасталсын ;

2 - тармақта :

"кәсіпорындар" деген сөз "кәсіпорын" деген сөзбен ауыстырылсын;

"оларға" деген сөз "оған" деген сөзбен ауыстырылсын;

3-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Кәсіпорынның жарғысы бекітілсін, оның қызметінің негізгі түрлері мыналар деп көзделсін :

магистральды көлік, жол шаруашылығы телекоммуникациялық байланыс және почта аясындағы қызметтерді жүзеге асыру";

3-тармақтың 2) тармақшасындағы "кәсіпорындардың" деген сөз "кәсіпорынның"

деген

сөзбен

ауыстырылсын.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан

Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК